



D. Serikbayev

**EAST
KAZAKHSTAN
TECHNICAL
UNIVERSITY**

Саясат


ТДМ №11

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ




МАЗМҰНЫ

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
1.1 Негіздеме және мақсаты	3
2 САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ	3
3 КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР	9
4 ҚОРЫТЫНДЫ	9



1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Негіздеме және мақсаты



БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаты N°11 (ТДМ 11)

«Тұрақты қалалар мен елді мекендер» қауіпсіз, қолжетімді және экологиялық тұрғыдан тұрақты қалалық ортаны қалыптастыруға бағытталған. Ол сенімді инфрақұрылымды дамыту, мәдени мұраны сақтау, қоршаған ортаға теріс әсерді азайту және төтенше жағдайларға төзімділікті арттыруды көздейді.

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ (бұдан әрі – Университет) тұрақты даму қағидаттарын ұстана отырып, ТДМ 11 өз қызметінің стратегиялық бағыты ретінде қарастырады. Университеттің өз Тұрақты даму саясаты, сондай-ақ ішкі құжаттары бар: Көлік саясаты, Энергия үнемдеу саясаты, Су ресурстарын қорғау саясаты, Қалдықтарды кәдеге жарату бағдарламасы. Бұл құжаттар қоршаған ортаға әсерді азайтуға, ресурстарды тиімді пайдалануға және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға негіз қалайды.

Осы Саясаттың мақсаты – университеттің білім беру, ғылыми, инфрақұрылымдық және әлеуметтік қызметіне ТДМ 11 қағидаттарын енгізу арқылы кампустың тұрақтылығын қамтамасыз ету, студенттер мен қызметкерлердің өмір сүру сапасын арттыру және қала мен өңірдің тұрақты дамуына үлес қосу.

2 САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Кампустың тұрақтылығы мен қауіпсіздігі

- Инфрақұрылымның осал тұстарын анықтау бойынша аудит жүргізу.
- Табиғи және техногендік тәуекелдерге дайындық мақсатында өңірлік төтенше жағдайлар қызметтерімен ынтымақтастық орнату.
- Үнемі эвакуациялық оқу-жаттығулар өткізу.





Көлік және қозғалмалылық

- Экологиялық таза әрі қолжетімді қозғалыс түрлерін дамыту (жаяу аймақтар, велосипед инфрақұрылымы).
- Кампус аумағындағы көлік жүктемесін азайту.




Энергия мен суды үнемдеу

- Жарықтандыру, жылыту және тұтынуды есепке алу жүйелерін жаңғырту.
- Суды тиімді пайдалану тәжірибелерін енгізу.



Қалдықтарды басқару

- Қалдықтарды бөлек жинау және қайта өңдеу бағдарламаларын іске асыру.
- Экологиялық жауапты мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған ағартушылық науқандар өткізу.



Білім беру және зерттеу

- Қалалар мен өңірлердің тұрақты дамуы мәселелерін білім беру бағдарламаларына енгізу.
- Урбанистика, экология және тұрақты жоспарлау салаларында зерттеу жобаларын жүзеге асыру.
- Халықаралық бастамаларға қатысу (Erasmus+, CirculEC және т.б.).





Fundamentals of Circular Economy and Sustainability and Policies / Основы циркулярной экономики и устойчивого развития и их политики

- Понимать различные подходы к «зеленой» экономике, экономике замкнутого цикла и инновациям, чтобы разрабатывать предложения и стратегии для справедливой экологической трансформации.
- Реализовывать инновационные социальные, общественные, кооперативные или бизнес-проекты и инициативы, основанные на принципах устойчивого развития, экономики замкнутого цикла и справедливости.
- Формулировать, интегрировать и синтезировать новые и сложные идеи в рамках коллаборации и совместных процессов для разработки стратегических планов в области устойчивого развития и экономики замкнутого цикла.



Alihan Bokeik...
Alibek Bolekhan University, Ky...

Gulnora tsuc
Gulnora Tsuc

Co-funded by the European Union. This project is funded with the support of the European Union. The content of this publication / This publication represents the views of the CirculEc project and not necessarily those of the European Union.

Co-funded by the European Union

Development of innovative curricula and modules in Circular Economy and Sustainable Development

The goal of CirculEc is to build the capacity of the human capital in the HEIs of Central Asian countries on a circular economy in order to provide staff, students, and the wider public with skills and competencies aligned to the needs of local labor markets and environmental challenges CA countries face.





Home

About

Project

Project partners

Work packages and Results

News and Media

Contacts



News and Events

Event

CIRCULEC PROJECT MONITORING VISITS

VISIT SCHEDULE: - October 6-7: Karaganda University of Kazakhstansuz, Kazakhstan - October 9-10: Westminster International University in Tashkent & Central Asian University, Uzbekistan - October 13-14: Tajik State University of Commerce & Technological University of Tajikistan, Tajikistan

Event

CirculEc Project Monitoring Visits - October 2025

We are pleased to announce the upcoming monitoring visits under the CirculEc Project - Development of Innovative Curricula and Modules in Circular Economy and Sustainable Development, funded by the European Union's Erasmus+ Programme.


News

New Publication: Digital Engagement Drives Circular Economy Practices in Europe and Central Asia

We are pleased to announce the publication of a new research paper by Sardor Azam and Azamat Salomov from the Central Asian University, Tashkent, Uzbekistan.

Әлеуметтік-мәдени даму

- Өңірдің мәдени мұрасы мен тарихи құндылықтарын сақтау («Алтын Алтай» мұражайы).
- Студенттер мен қоғамға арналған ағартушылық іс-шаралар өткізу.





Серіктестік және сыртқы өзара іс-қимыл


- Жергілікті атқарушы органдармен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық орнату.
- Тұрақты даму саласындағы жобаларды іске асыру үшін гранттар мен қаржыландыру бағдарламаларын тарту.



3 КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР



Университеттің тұрақты даму бойынша THE Impact Rankings рейтингіндегі көрсеткіштерін ТДМ 11 «Тұрақты қалалар мен елді мекендер» бағыты бойынша арттыру.



Инфрақұрылымды жаңғырту және қалалық қызметтермен ынтымақтастық арқылы кампустың тұрақтылығы мен қауіпсіздігін күшейту.



Энергия мен суды үнемдеу, сондай-ақ қалдықтарды бөлек жинау жүйесін дамыту арқылы университеттің экологиялық әсерін азайту.



Тұрақты даму қағидаттарын білім беру мен ғылыми үдерістерге интеграциялау, зерттеу жобалары мен халықаралық әріптестіктерді кеңейту.



Мәдени мұраны сақтау, ағартушылық қызмет пен жергілікті қоғамды тарту арқылы университеттің өңірдегі әлеуметтік-мәдени рөлін нығайту.

4 ҚОРЫТЫНДЫ

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-нің БҰҰ-ның ТДМ 11 іске асыру жөніндегі Саясаты тұрақты кампусты дамытуға, зерттеу базасын нығайтуға және университеттің әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталған бірыңғай көзқарасты қалыптастырады. Осы құжаттың ережелерін іске асыру ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалануды, студенттер мен қызметкерлердің қауіпсіздігі мен жайлылық деңгейін арттыруды, сондай-ақ Өскемен қаласы мен Шығыс Қазақстан облысының тұрақты дамуына университеттің үлесін қамтамасыз етеді.